

А. Жунусова, 1-курс

**Фылыми жетекшісі: Ж.С. Рамазанова, журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

СӘЗ ЭДЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

«Өнер алды — қызыл тіл» деп қазақ халқы сөйлеу шеберлігіне, жалпы тіл мәдениетіне үлкен мән беріп бағалаған. Қай қоғамда, қай заманда болса да халықтың жігерін тасытып, жаңын баурап, қуаттандырған да осы — тіл құдіреті. Тіл мәдениеті — сауатты да әсем, мәдениетті де сыртай сөйлей білу, әсерлі де орынды етіп қолдана алу шеберлігі деп білеміз. Қазақ — озық ойлы, ақын жанды, шебер тілді, шешен халық. Тілдің тазалығы, құнарлығы та-за сөйлеу, тіл дұрыстығы, тіл мәдениеті — келешектің қандай кезеңінде де басты талабы болып қала бермек. Қазақстан Республикасы Президенттің «Тілдерді қолдану мен дамыту багдарламасында»: «Тілді дамыту — Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі», — деп бекерден-бекер айтылмаған. Сондықтан да еліміздің әрбір азаматы тілдің тазалығын, сөздің құнарлығын сактауда өз үлесін қосып, әрқашанда тіл мәдениетін сактауға үмтүлүү керек. «Халықтың ұшан-теніз сез байлығының ішінен ең қажетті, ен үтімді тілдік құралдарды таңдал алып, оларды айтылмақ ой мен мәтіннің мазмұнына, мақсатына сай етіп тіркестіре алу білгірлік пен шеберлікті қажет етеді»¹. Мәтінді жүйелі түрде мазмұнды алу да тіл мәдениетіне жатады.

Сөзге жауапсыз қарау дагдымызға айналып кетіп жүргесін. Әсемдік элементі деп алынып жүрген эстетикалық санатқа айналған ұтымды ендігі жерде әдемілік дүниесіне айналдырыл қарабайыланудың қажеті жок.

Кағаз бетіне түсер алдында ұтымның немесе сөздің осы уақытқа дейін қалай айтылып, жазылып жүргенін ой елегінен бір өткізіп алған, бұрынғы тәжірибелі мансұқ етпеген жөн.

Әсіресе, термин сөздерді қолданған кезде абай болу керек. Мәселен, «Астана ақшамы» газеті «Дарын» конкурсының сыйақысы деп жазған екен. Сыйлық бұл арада адамның еңбекіне немесе қабілетіне қоғам тараپынан берілген бағаны мензеп, әлеуметтік мәнге ие болып тұр. Сыйлық пен сыйақының арасында заң тұрғысынан да біраз алшақтық бар. Мысалы, орыстар бірін «премия», екіншін «вознаграждение» дейді.

Әртүрлі өмір жағдайларына байланысты біздің тіліміз әркелкі сипатта қолданылады. Мысалы, жұмыста біз іскерлік сипаттағы, үйде қарапайым тіл, халық алдында сөйлеген кезде тіптен басқаша сөйлеу мәнерін пайдаланамыз. Кез келген жағдайда сөйлеу мәдениетін дұрыс қалыптастыру үшін, нақты ережелерге жүгіну шарт:

- дыбыстардың дұрыс айтылуына назар аудару (Кейбір облыстарда дыбыстың дұрыс айтылмауы: «а» дыбысының «ә» дыбысына ұқсас айтылуы); жалғаулардың дұрыс жалғанбауы әсерінен сөздердің мағынасының бұзылуын ескеру;
- ойды түсінікті тілмен жеткізе білу;
- көп әдебиеттерде дұрыс аударылмауы салдарынан сөйлемдердің шұбаланқы болуы, тіпті мағынасының жоғалыш кетпеуіне назар аудару;
- аударма мәтіннің түсікті болуын қадағалау;
- сөйлеу мәдениетінде этикалық нормаларды сактау;
- мәнерлел сөйлеуге дағылану.

Қазақша ойламайтын, үлгіткің тіл білімінің қаралайым ережелерінен бейхабар адамның тіл білімі саласына келмегені дұрыс; егер ол сөз қайталау, ой қайталау, қала берді, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ережесін білмесе, ол халыққа ақпарат жеткізіп қарық қылмайды, мұндайлар әлдебір ресейлік журналистердің мақамына дейін көшіруге әуестеніп кетеді. Ка-

закша сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің өрескел қателіктеп кешірілмеуі тиіс. Тілдің тазалығы — көпке ортақ талап.

Шұбалған сөйлемдер, әсірекызыл, әсіре көркем тіркестермен көп әуестенбей, сөйлем ықшамды болуы керек.

Міне, осы шарттардың орындалмауынан қазіргі кезде тіліміз шұбарланып, жастардың сөйлеу мәдениетінің деңгейі күннен-күнге төмендеуде. Сондықтан да бұл тіл саясатының өзекті мәселесі болып табылады. «Ел тәуелсіздігін тіл тәуелсіздігімен астастыра қарап, туган тілдің тұғырын биіктегу қамы қолға алынғалы да біраз уақыт болып қалды. Тіл — қарым-қатынас құралы», адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна². Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. Қазіргі таңда бұл — тіл мәдениетінің көкейтесті мәселелерінің бірі.

¹ Жазушы және сөз мәдениеті. — Алматы, 1983. 87-б.

² Серғалиев М. Сөз сарасы. — Алматы, 1989. 113-б.